

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ 13

Жезқазған қаласы

22.05.2023

сағат 10.00

Облыстық қоғамдық кеңесі **оффлайн форматында** өтті.
Жиынды ОҚК төрағасы **Бегенов Б.Ж.** ашып жүргізіп отырды.
Оған облыстық қоғамдық кеңес мүшелері: **Бекмағанбетов М.Е.,**
Абжаппаров А. М., **Ізтөлеуов Д.Д.,** **Мукеева А.М.,** **Токишова А.Г.,** **Хамитов**
М.И., **Ахмет А.А.;** **Тұрлыбек А.М.;** **Маткенов М.К.;** қатысты.

Белгілі себеппен қатыспаған: Ким А.С.;

Белгісіз себеппен қатыспаған: Оспанов С.Ж.; **Жаксыбеков Д.Д.;**

Бегенов Б.Ж.: Кеңес отырысы ашық деп жарияланды.

Құрметті әріптестер. Бүгінгі отырыста **4 сұрақ.**

1,2,3 сұрақтар. Хатшы С.Оңғарбаеваның менің атыма жолданған хаты. Бұнда Қоғамдық Кеңестің бекітілген жоспарының үзілуі. Әріптестер. Біз жоспарды өзіміз қабылдап бекіттік. 17 мамырға жоспар бойынша Ұйтас-Айдос, Есқұла су құбырларының жағдайын барып қарауымыз керек еді. Хат облыс әкімі Б.Әбдіғалиұлына жолданған. Ол тиісті басқармаға арнайы тапсырма беріп, көлік мәселесі шешілген болатын. Хатшы чатка бірнеше рет ескертті, бірақ ҚК мүшелері – М.Маткенов, Д.Жаксыбеков жауап берген жоқ. Сұранғандары бар, келе алмайтындары бар. Ақыры кворум болмай біз жылжымалы жиынды белгісіз уақытқа шегердік. Алдында тура солай Мурат мырза жауап бермеген. Ескерту алдыңыздар. Егер үлгермей жұмыс жасай алмаймын десеніздер, өз еркілеріңізбен ҚК шығуларыңызды талап етемін. Сіздер өздеріңіз арыз жазып ҚК кірдіңіздер. Неге жұмыс жасамайсыздар? Одан бөлек қоғамдық кеңесте еш қашан Қарсақпайдың проблемаларын көтермейсіздер. Ол дұрыс емес. Жаксыбеков те солай. Айтарыңыз бар ма?

Маткенов М.: Қарсақпайда проблема аз емес. Мен өзім шешуге тырысам. Келе алмаған себебім мен іс-сапарда болдым. Келесіде жұмысты жандандыруға уәде берем.

Бегенов Б.Ж.: сізге соңғы ескерту. Ал, Жаксыбековке қатысты келесі жиынға ҚК мүшелігінен шығарамыз.

4 сұрақ. ҚК мүшесі Ким А, арыз жазып ҚК мүшелігінен шыққысы бар. Ол бірнеше комиссияның мүшесі екен, сонымен қатар облыстық маслихаттың депутаты. Мамасы да сырқаттанып қалды. Шығам деп отыр. Дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды – 10

2. Кім қарсы - жоқ

3. Кім қалыс қалды – 2 адам.

Сізге сәттілік Артем Сергеевич.

Басқада мәселелерге көшейік. Әріптестер. Бізде 4 комиссия бар. 17 мамырға дейін жоспар жасаңыздар деп тапсырма бергем. Орындаған тек қана 2

комиссия – Абжаппаров А, Мукеева А бастаған топ. Басқаларыңыз неге үндемейсіздер? Шұғыл түрде жоспар жасаңыздар. Мысалға, тұрғындарды қабылдауға болады.

Бекмағанбетов М- Өткендегі жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Бәрікенов қорытынды берсеңіздер проблеманы шешіп, спорткешеніне СОКқа қаражат береміз деген. Уәдесін орындаған жоқ. Сондықтан менде ұсыныс, бюджетке байланысты асты-үсті НҚА құжаттарын қабылдамау керек.

ҚК мүшелері келесі жиынға облыс әкімінің 3 орынбасарларын- **А.Бәрікенов, Ұ.Үсенов, Ғ.Құсманғали және бірнеше басқарма басшыларын шақыртайық. А.Сыздыкова, Д.Мутәліпов, А.Жандарбеков, Н.Орынбаев.**

Көтеретін сұрақтар көп:

1. Жаңаарқамен екі ортада интернет ұстамайды.
2. Қарсақпайдағы ФОКты облыстың қарамағына кіргізейік.
3. Жас мамандарға қандай жұмыс жасалып жатыр?
4. Ұйтас -Айдостың тендерін кім ұтып алды?
5. Келесіде Сенаторлар аймаққа келгенде, міндетті түрде ҚК мүшелерімен кездесу өткізсін, тек депутаттармен емес.
6. Ұлытауда шам көп сөнеді. Жұрттар апталап шамсыз отырады. Тіпті болмаса бір аварийный жедел бригада немесе қызмет жасақтау керек.
7. Электр қуаттарының жоғалтуын/потеря электроэнергии/ тексеру


Бегенов Б: Қоғамды толғандыратын күрделі мәселелер өте көп. Ол жол, ауыз су, жасыл желектер. Осыларды назарда ұстауымыз керек.

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**



Б.Ж.Бегенов

**Қоғамдық кеңестің
хатшысы**



С.К. Онгарбаева

Председателю общественного совета
области Ұлытау
Бегенову Б.Ж

ДОКЛАДНАЯ

Довожу до Вашего сведения, что согласно плана работы на 2023 год, ОблОС запланировал выезд на ряд объектов, в частности Уйтас-Айдосский и Ескулинский водоводы. Дата-17.05.2023.


Мною, секретарем ОблОС было направлено письмо в адрес акима области Ұлытау Б.Әбдіғалиұлы. Далее состоялось согласование с управлением энергетики и ЖКХ о дате и выезде, которые просили сформировать список участников.

Об этом я заблаговременно сообщила на Ваш общий ватцаб - чат. Писала неоднократно. Однако, ответ поступил не от всех членов ОблОС.

В частности- М.Маткенов и Д.Жаксыбеков проявили абсолютное безразличие. Если Маткенов перезвонил на следующий день, от Жаксыбекова до сих пор нет должной реакции. В результате из-за отсутствия кворума выезд сорвался и остался на неопределенное время.

Прошу Вас, уважаемый Бауржан Жаппасович принять меры.

Секретарь ОблОС



С.Онгарбаева

17.05.2023

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ЖҮРУ ТӘРТІБІ

Төрағалық етуші – Бегенов Б. Ж.:

Құрметті әріптестер, сәлеметсіздер ме. Кезекті отырысымызды бастайық. Бүгінгі жиынымыз оффлайн режимде өтуде.

Күн тәртібінде 4 сұрақ:

1) хатшы Светлана Кемелқызы Оңғарбаеваның менің атыма жолданған хатына байланысты Қоғамдық Кеңестің бекітілген жоспарының үзілуі;

2) Қоғамдық Кеңестің кейбір мүшелерінің бекітілген жоспарға ат-үсті қарауы;

3) Осыған байланысты Қоғамдық Кеңес жұмыстарына немқұрайдылық танытып жатқан мүшелерінің Қоғамдық Кеңесте қалу-қалмауы;

4) Қоғамдық Кеңес мүшесі Ким А. алдағы уақытта Қоғамдық Кеңес жұмыстарына қатысуға мүмкіндігі болмауына байланысты жазылған өтінішін қанағаттандыру;